



ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Мәтін жазуға технологияның
ықпалы. Қазіргі телевизияның
қолданыстағы жанрлары



I.

Құрметті тыңдарман журналистер. Сіздер үшін Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабынан алынған дәрістерді жалғастырамыз. Оның соңына өзіміздің ойларымызды қосамыз. Американдық телевизия тарланы бұл жолы технологиялық төңкерістер тұсында мәтін жазудың ұстанымдары қалай өзгергенін талдайды. Қазіргі цифрлы форматтар үшін сценарий қалай жазылады? Әлеуметтік сценарийлерге қандай талаптар қойылады? Осы туралы сөз етпекпіз.

Егер Шекспир қаламмен емес мәшеңкемен жазғанда «Гамлет» басқаша пьеса болып шығар ма еді? Артур Миллер өзінің «Сатушының ажалының» мәтінін компьютерде тергенде ол өзгеше жазылар ма еді? Иә, бір материалды түрлі тасымалдағышқа жазсаңыз, ол расында әртүрлі болып шығады. Көптеген авторлар мәтін қандай құралмен жазылса, соның ырғағы мен түрі жазуға әсер етеді дейді. Бұл орайда суретшілерден салыстыру іздейк. Олардың көмірмен, майлы бояумен немесе акварельмен салған суреттері бір-бірінен өзгеше болып шығатыны даусыз.

Көптеген авторлар өздері пайдаланатын құралдармен арада бір ахуал қалыптасатынын айтады. Қауырсын қалам, одан жазу машеңкесі, одан компьютер шыққан уақыттағы мәтіндерде шынында өзгерістер болды ма?

Бүгінгі ұрпақ жазу құралының жаңа дәуіріне өтті. Жазуды енді бастаған авторлар үшін компьютер ең қарапайым жазу құралы деп саналады. Ең бастысы компьютер редакциялаудағы уақытты үнемдейді. Сол сәтінде мәтінді қайталауға мүмкіндік береді. Оны орайын тауып қолданғандар басқа құралдарға қарағанда уақытты ұтады. Ең бастысы бір мәтінді бірнеше адамнан тұратын команда түрлі аймақтарда отырып бірлесіп жазып шыға алады. Компьютер оның үстіне мақалаға немесе сценарийге кез-келген дәйексөзді, ақпаратты және басқадай мәліметтерді қоса беруге жағдай жасайды.

Жаппай қолданыстағы дербес компьютер шыққан соң оған арналған бағдарламалар пайда болды. Қазір мұндай бағдарламалардан аяқ алып жүру мүмкін емес. «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының авторы Роберт Хиллиард мырзаның пікірінше сценарий жазуға арналған арнайы бағдарламаларды пайдаланғанның еш сөкеттігі жоқ. Олар сіз жазатын сценарийдің беттері мен жолдарының ара қашықтығын алдын ала айқындап береді. Көріністердің ретін нөмірлеп отырады. Бұл бағдарлама арқылы мәтінді еркін редакциялауға болады. Қажет болса мәтінді қысқарта немесе ұзарта аласыз. Қай көрініс кейін қосылғанын немесе қандай көрініс алынып тасталғанын біліп отырасыз.

Технологиялардың дамуы медиа өнімдердің өндірісінен айқын байқалады. Осының бәрі жазу мәнері мен түсіру форматына өзінің ықпалын жасап отыр.

Американдық колледждердің бірінде жаңа медиа курсынан дәріс оқитын Морис Мезот интерактивті медианы жаңа әлеуметтік және мәдени ұстаным ретінде қарастыру қажет дейді. Ол адамдардың қарым-қатынас теориясын өзгертті. Қалыпты үлгіні басқаша күйге ауыстырды.

Веб- парақшалар ақпараттардың сансыз легін әкеле барады. Олардың бейнелік және дбыстық түрі де миллиондап құбыла береді. Мұндай жағдайда ақпаратты тұтынушылардың ортақ, өзара бірлескен тәжірибесі болуы ғана кибер кеңістіктегі әлеуметтік мүддені қорғай алады.

Әлеуметтік желідегі жеке тағдырлар әңгімесіне қызығушылық адамдардың интернеттегі мәтіндерді оқуға жаттықтандарын аңғартады.

Мәтін жақсы жазылуы үшін мыналарды ескеру керек дейді өзінің «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында Роберт Хиллиард мырза:

Біріншіден бір мәтін бір ғана мақсатты көздейді. Екіншіден, мәтіннің құрылымы қарапайым әрі түсінікті болуы тиіс. Үшіншіден тақырыбы оқығанда тартымды болуы керек. Бұл тақырыпта оқырманды іліп қалатын қармақ тұрғаны жөн. Төртіншіден сауатты жазылған мәтін ғана оқылатынын ұмытпаңыз. Бесіншіден жаттанды сөздерсіз жазыңыз, елдің бәрі қолданатын тұрақты тіркестерден қашыңыз. Ақыр аяғында оқырманмен сөйлесіп отырған сияқты етіп жазыңыз. Сосын жазғандағы фактілер мен сандарды бір тексеріп шығыңыз.

Әлеуметтік желі үшін, жалпы интернет үшін жазатындар бұл алаңдағы бәсеке деңгейінің өте жоғары екенін де ескеруі керек.

Осымен біз Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының желісімен жазылған дәрісті тәмамдап, одан әрі өзіміздің яғни Қайнар Олжайдың ойларымен бөлісеміз. Мұнда қазіргі қазақ телевизиясының қолданыстағы жанрлары жайында сөз болады.



II.

Газет пен телевизияның күнделікті қолданыстағы жанрлары жеткілікті. Олар әдетте сол жанрды айшықтап, анықтап көрсетіп жатпайды. Қандай жанрға жататын оқырман мен көрермен өздері іштей саралап отырады. Журналистиканың әдебиетті бірден бір айырмасы осы тұста байқалады. Әдебиетте туынының жанры оның атынан кейін көрсетіледі. Роман, повест немесе хикая, ақыр аяғында әңгіме деп таңбалаынады. Ал күнделікті газет пен телеарналарда бұған көңіл бөліне қоймайды.

Телевизияда жаңалықтар және арнайы репортаж бен сұхбат жанр ретінде көрсетілуі мүмкін. Бұл үшеуіне Қазақстандағы барлық телеарналар уақыт бөліп отырады. Сосын әрбір арнаның кейінгі шыққан, көпшілікке ұнайтын жанрға бой ұратыны бар: олар кешкілік міндетті түрде ток-шоу көрсетеді.

Газеттегі күнделікті жанрларды саралаудан бұрын біз осы телеарналардағы айқындалған жанрларды сипаттап, соларға қатысты өзіміздің ойларымызды білдіріп кетелік. Журналистік тәжірибеміздің жиырма жылдам астам уақыты телевизия саласында өткендіктен біздің ойларымыздың да жас журналистерге қажеті болуы мүмкін.

Ақпараттық жанр телевизияда бір топтама ретінде ұсынылатыны белгілі. Олар кешкі ел көретін уақыттың жарты немесе одан да көп уақытын алады. Таңертең және күндізгі уақытта ықшамдалған нұсқада ұсынылады. Стандартты ақпараттардың соңы спорт жаңалықтарымен аяқталып, содан кейін ауа райының алдағы күнге арналған болжамы ұсынылады.

Әрине, қазіргі кезде талай арналар бұл стандарттан шығатын технологияларға ие болды. Ауа райын жаңалардан үстінде экранның төменгі бөлігіне жүгіртпе немесе ауыспалы жолдар арқылы беріп уақыт үнемдейтіндер де бар. Бірақ әлемді өз жаңалықтарымен тәтті етіп отырған басты арналар, айталық Евроньюс ауа райына жаңалықтардан кейін арнайы уақыт бөледі. Осы дұрыс сияқты. Өйткені экранда айтылып жатқан жаңалықтарға қабаттасып көрсетілген түрлі елдер мен қалалардағы, облыстар мен аймақтардағы ауа райы көрерменнің есінде қала бермейді.

Жаңалықтар саяси оқиғалардан басталады. Қай елдің болсын телеарналарының негізгі форматы осы. Мұны бір жақта соғыс, басқаша атыс, техногендік апат, жер тітіреген, топан су басқан және басқадай үлкен кісі шығынына себепкер болған оқиғалар ғана ауыстырып, бірінші болып берілуі мүмкін.

Бұған осы 2019 жылғы сәуір айында «Хабар 24» арнасынан берілген жаңалықтардың мынадай реті дәлел болады. Бұл күні Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласында елдегі ең ірі де негізгі саяси күш «Нұр Отан» партиясының съезі өтуі керек. Бұл да жай кезекті бас қосу емес. Осы съезд Қазақстан Республикасы Президенті сайлауына партия атынан түсетін кандидатты анықтайды. Тура съезд басталардан бұрын таңертең Тараз қаласындағы тұрғын үйде газ баллоны жарылып, бірнеше тұрғын қаза тапты және жараланды. «Хабар 24» арнасы таңғы жаңалықтарын партияның болғалы жатқан съезі емес, Тараз қаласындағы техногендік апаттан тікелей көрсетілімнен бастады. Жарылған үй, сосын жарақаттанғандарды суыт түрде алып барған ауруханадағы көріністер беріліп, тілші мен мен құтқару қызметі және дәрігер жағдайды баяндады. Сосын ғана жаңалықтардың жүргізушісі көрермендерінің назарын Нұр-Сұлтанда басталуы керек саяси оқиғаға қарай бұрды. Сол күнгі таңғы оқиғалардың ретін осылай түзіп қою бұл қызметті басқарып отырғандардың сауатты да жауапты екенін байқатады. Өкінішке орай мемлекеттік арналар тарапынан мұндай білікті қадам жиі кездесе бермейді.

Жаңалықтар әдетте блок-блокпен беріледі. Бірінші бөліміне саяси, одан кейін экономикалық, үшінші блокқа әлеуметтік, одан құқық пен армияға қатысты бөлімдер болуы мүмкін. Кейде ауыл шаруашылығы, жалпы ауыл өмірінен де топтамалар жасалады. Өнер мен мәдениет ең соңына қойылады. Мұның кейде бұл блокқа салқыны тиеді. Бастапқы оқиғалардың көптігінен белгілі уақытқа сыймай қалып, жекелеген мәдени әрі рухани оқиғалар көпшілікке жетпей қалып жатады.

Енді телевизиялық жаңалықтарды құраушылардың алдында мынадай таңдау тұратын кездер болады. Мемлекет басшысы бір театрдағы қойылымды тамашалады делік. Осы туралы сюжетті қай блокқа қосу керек? Мемлекет басшысы қатысқандықтан оны алғашқы саяси топтаманың ішінде ұсынуға болады. Ал оқиға театрда өткендіктен бұл соңғы топтамада тұрмай ма?

Дилемма. Қазақтағы үкіметтік саналатын, яғни акциялары мемлекет қолындағы арналар мұндай сюжетті бірінші топтаманың басында ұсынады. Мемлекет басшысы қатысқандықтан. Ал жекеменшік арналар оны қалауынша береді, тіпті назар аудармай кетуі де мүмкін. Тура осындай сюжетті Ресейдің мемлекеттік арналары тек соңғы мәдени блоктың басында көрермендерге ұсынатынын байқап жүрміз. Демек, ретті сақтау кезінде басты өлшем тұлғаға қатысты емес, салаға қатысты болғаны ләзім. Біртіндеп Қазақстандағы үкіметтік телеарналар да осы өлшемге оралатын сияқты.



Жаңалықтар топтамасында материал ұсынудың қалыптасқан екі түрі бар. Біріншісінде тілші толық сюжет жасайды. Эфирде отырған айташы, яғни жаңалықтарды жетектеуші бұған орай бірер сөйлем айтады да кезекті тілшіге барады, яғни дайын сюжет жіберіледі. Екінші тәсілінде барлық мәтінді жүргізуші оқып шығады. Оның оқып отырған кезінде әлгі оқиғаның бейнекөріністері беріледі.

Бір жылдары біз «Хабар» агенттігінде бұдан басқа үшінші тәсілді де қолданып көргенбіз. Ақпараттық блоктағы негізгі сүйекті жаңалықтан кейін осы салаға қатысты әрқайсысы екі-үш сөйлемнен тұратын және бірнеше жаңалық кетеді. Олар алдын ала дайындалып, оқылып, бейнекөрініспен жабылып қойылады. Жетектеуші тек «енді осы саладағы және бірнеше жаңалықтан құлағдар болып қойыңыздар» деумен тынады. Бұл тәсілдің өзіндік артықшылары және айтарлықтай кемшіліктері кездеседі. Артықшылығы бұрынғы бір сюжеттің орнына бірнеше оқиға айтылып, уақыттан үнемделеді. Жүргізуші де жылтындап шағын оқиғаны хабарлауға экранға шыға бермейді. Әрі алдын ала сапалы видеомен жабылады. Ал енді кемшіліктеріне келсек, оқиғалар өте үстірт сипатталады. Олардың не себепті болғаны және қандай салдарға ұрындыратыны талданбайды. Ортасында бірнеше секундтық пікір, яғни сөйлеуші берілмейді. Содан да бұл үшінші тәсілді телеарналар көп пайдалана қоймайды. Бірақ, ара-тұра осы әдісті ұстанатындар да бар.

Қазақ тіліндегі жаңалақтардың бірнеше кемшіліктеріне тоқтала кетейік. Оның ең бастысы бір сөйлемнің немесе ойдың қайталана беруі. Оны алдымен эфирдегі айташы бір хабарлап тастайды. Сәлден соң эфирден берілген сюжетте тура сөз сөйлемдер немесе ойлар қайта айтылады. Мұны аз десеңіз сюжеттің ортасында синхронмен шыққан сөйлеуші тағы да сол ойларды немесе сөйлемді қайталап жатады. Бұл талап жоқтығын байқататын бірден-бір белгі. Және кемшілік сюжетті дайындаған тілшінің тарапынан жіберіледі. Эфирге кетер жаңалықтарды дайындау барысында тілші онда айтылатын ойларды жіліктеп бөліп алуы керек. Егер әлдебір нәрсе туралы тілшіге сұхбат берген адамдар айтқан болса, оны сюжеттің тілші оқитын мәтіні мен айташы жетектеп шығатын мәтінге қоспау керек. Тілшінің өзінің сюжетіндегі сөздерді де одан бұрын шығатын айташының аузына салып бермей керек. Бір ойдың екі тіпті үш қайтара айтылуы алдымен көрермендерді мезі етеді. Екіншіден эфирдегі уақытты ысырап жасайды. Ал эфир уақытының қаншалықты қымбат екенін басқадан бұрын жарнама берушілер жақсы біледі.

Екінші кемшілік – біржақтылық. Біз жоғарыда «Азаттық» радиосын мысалға келтіріп эфирдегі кез-келген материалы біржақты болып шықпау үшін басқа тараптардың пікірін де міндетті түрде береді. Ал отандық телеарналардың жаңалықтарында кейде бұған мән беріле қоймайды. Оның да өзіндік сыры бер. Кейде екінші тарап болып саналатын билік, яғни министрліктер мен басқа үкіметтік мекемелер бірден сұраққа жауап бермей, сөзбұйдаға салады. Заңға сілтеме жасап, тиісті уақытта жауап беріледі дейді. Бұған жаңалықтардың күтіп тұратын жағдайы жоқ. Міне осы себепті көп ретте бір тарап, арызданушы, шағымданушы, жағдайдың сын көтермейтінін айтушы жақтың пікіріне көп орын беріліп, оны қалай шешуге боларын айтатын орындаушы жақтың өкілдері төбе көрсетпейді.

Ал жаңалықтардағы сюжеттерде қазақ тілшілерінің көп сүретін жері – мәтіндерінің олпы-солпы болып, еш қырланбай, яғни редакцияланбай шығатындығы. Мәселен, Бірінші Еуразия арнасындағы жаңалықтарда Түркістан облысында жас қыздарға өгей анасы тапарынан жасалған зорлық-зомбылық туралы сюжетте мынандай сөйлем кетті: «Осы оқиғаға қатысты кешеден бері тараған жан түршігерлік видеолар мен суреттер әлеуметтік желілерге желдей тарап жатыр».

Қайталап мән берсеңіз сөйлемнің басында «кешеден бері тараған» деп бастайды да ең соңында тағы «желдей тарап жатыр» дейді. Тәкелей эфирде айтылатын сөзге жауапкершілікпен қарамалдың бір мысалы осы. Әрі ойлап көрсеңіз, «желдей тарады» деген тіркесте еш қисын жоқ, анығында, «жел ұшырған жапырақтай» тарайды ғой. Желге қатысты тіркестер «желдей еседі», «желдей тез жетеді» деген сияқты.

Біз бұл мәселеге сабақтар барысында кеңірек тоқталамыз. Көптеген типтік қателерді арнайы талқылаймыз. Сондықтан қазір тек ескертіп өткенді жөн санадық.

Тікелей эфир барысындағы сұхбаттар да телевизиялық жанр ретінде бірнеше жылдан бері берік орын алды. Бұл тіпті жаңалықтар бағдарламасының бір бөлігі саналады. Мұндай эфирге сол күнгі басты оқиғаға қатысты тұлға шақырылады. Ол негізінен мемлекеттік қызметкер немесе қоғамдық ұйым өкілі болып табылады. Кешкі тікелей эфирге кез-келген адамның шақырыла салмайтынғы түсінікті. Оның таңғы көңіл көтеретін эфирдегі қонақтардан басты айылмашылы осында. Іріктеу қатаң, жаңалықтар барысындағы немесе соңындағы тікелей эфирге шығатын адамның айтары да салмақты болуы тиіс. Бұл орайда бір қиындық тағы сол мемлекеттік мекемелердің жайбы Оларды эфирге әкелу оңай емес. Біріншіден қолдары тимейтінідігін сылтау етеді. Екіншіден, көптеген ақпараттарды тікелей эфирде айтудан сақтанады. Оған өздерінің тікелей басшыларының немесе жоғары тұрған органның рұқсатын алмаса, мүлде эфирге келмей қояды.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Мәтін жазуға технологияның ықпалы. Қазіргі телевизияның қолданыстағы жанрлары
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Осы жаңалықтар форматына қосылатын тікелей эфир өз кезегінде оны жүргізетін, яғни сұрақ қоятын журналист айташылардың да кемшілігін анық байқатады. Біріншіден олардың тақырыпқа әзір еместігі аңғарылады. Сондықтан орынды, қажетті сұрақты қоя алмайды. Екіншіден, эфирдегі қонақтың айтқанын түсінбей қалады. Өйткені бұл тақырып жөніндегі білімі таяз. Көбінесе көркіне, жаттанды да жылтыр сөздерге мән беріп, сол арқылы танымал болғысы келген эфир жүргізушілерінің өздерін танытып алатын тұсы осы. Әрине ол эфирді уақтылы аяқтауы керек. Тікелей эфир кезінде басы артық сөздер кетіп қалмайы керек. Жүргізуші соған да алаңдап, кейде айтылған қонақ тарапынан нәрсеге мән бере алмай қалады. Сөйте тұра тақырыпқа дайындалған, тіпті бұрыннан ішкі дайындығы бар эфир жүргізушілері бұл сыннан сүрінбейді.

«Хабар» арнасында «Бетпе-бет» аталған хабарды бірнеше жыл Нұртілеу Иманғалиұлы мен Сеік Жанболат сынды тісқаққан журналистер жүргізді. Олардың эфирге асқан дайындықпен келетіні бірден байқалатын. Тіпті Нұртілеу ағамыз талай рет сол жаңалықтардың қазақша нұсқасына басшылық жасаған бізге келіп, тақырыпты алдын-ала талдап, қоятын сұрақтары өткір де терең болуы үшін не істесем екен дегенді ақылдасып алатын. Қазақта «келісіп пішкен тон келте болмас» деген даналық сөз ежелден бар. Мұндай ақылдасу барысында тый ойлар туындайды, мынаны сұрасақ қайтаді, мынадай сұрақ қоған жөн шығар дегендей идеялар туындайды. Осыдан барып негізгі сұрақтар алдын ала дайындалады.

Кейде эфирге қонаққа келетін тұлғалар «қояр сұрақтарыңды алдын ала айтыңдар» деп талап қояды. Оларды да түсінуге болады. Жауапты сынға, яғни тікелей эфирге келе жатыр. Бұл кезде әрбір сөзге абай болған жөн. Өйткені тікелей эфир үстінде жазба және монтаж атты құтқарып қалатын сиқырлы таяқшалар жоқ. Не айттың сол сәтте бүкіл елге тарайды. Ал эфир қонағы білдей бір мекеменің, тіпті министрліктің атынан келгендіктен мүдіріп қалуына немесе мұны білмейтін деп мүләйімсіп отыруына болмайды. Сондықтан сұрақтарды алдын ала біліп, оған дайындалып алуға тырысады.

Сұрақтарды алдын ала алғызудың тағы бір сыры бар. Қазақстан жағдайында көптеген мемлекеттік қызметкерлер қазақ тіліне шорқақ болып шығады. Тіпті қазақша жақсы білетіндерінің өзі жекелеген халықаралық ұғымдар мен терминдердің қазақшасын біле қоймайды. Оларды аударып алу үшін және тілін жаттықтыру үшін де алдын ала дайындалып келуге тырысады.

Осындай жаттандылық жағдайында Нұртілеу Иманғалиұлы не істейтін? Ол өзінің ең маңызды деген бірер сұрағын эфир қонағына алдын-ала көрсетпей тығып отыратын. Эфир басталып, қонақ бірнеше сұраққа жауап беріп қойған соң ол өзінің қонаққа мәлім емес, бірақ өзі алдын ала дайындап тығып қойған сұрағын, тарс еткізіп қоя салады. Мұның әсері керемет. Мұндай сұрақты күтпеген қонақ жанталас жауап береді. Осындай жағдайда шындық айтылады. Бірақ беймәлім жайттың ұштығы шығады. Қонақтың қысылғаны, терлегені, жан-дәрмен жауап іздеуге тырысқаны көрерменді рахаттандырады. Мұндай шеберлікке сол Нұртілеу Иманғалиұлы ағамыз, Серік Жанболат ініміз сынды санаулы журналистер жетті. Басқаларына бұл тәсілді әлі үйрену мен меңгеру қажет-ақ.

Бірақ тосын сұрақты эфирден қоя салудың да өзіндік, бұрын болжанбаған кері әсері болуы мүмкін. Бірде «Хабар» арнасында осындай тосын сұрақ қойылғанда эфирге шақырылған қонақ бұған шамданып, микрофонды ағытып, студиядан шығып кеткен. Эфирдің кемінде он-шақты минутында жүргізуші Нұртілеу Иманғалиұлына жалғыз сайрауға тура келген.

Енді әрбір арнаның эфирінен уақыт бөлінген Журналистік зерттеу форматына сәл сипаттама бере кетелік. Кейбір арналарда оны Арнайы репортаж деп атайды. Кейбірі тіпті мәселені зерттеуші журналистің атымен де шығарады, қалай десек де бұл жанр әлі өміршең.

Журналистік зерттеудің эфирден күнделікті шығуы міндетті емес. Егер бұл бағдарламаға бірнеше журналист тартылса, олар кезегімен өз материалын әзірлеп отырса, ондай жағдайда Арнайы репортаж немесе Журналистік зерттеу күнделікті бір уақытта көрсетіледі. Әйтпесе бір немесе екі журналистің айналысып отырған форматы болса, онда аптасына екі-үш реттен аспайды.

Арнайы репортаждың артықшылығы мәселе кеңінен талқыланады. Көрермендер оқиға өткен немесе мәселеге арнайы болған жердің барлық жағдайымен танысуға мүмкіндік алады. Арнайы репортаж өзінің көтеріп отырған тақырыбымен бағаланады. Егер ол бүкіл қауым үшін өзекті, өткір мәселеге арналса, оның көремені көбейіп рейтингі артады. Сондықтан арнайы репортажда немесе журналистік зерттеуде қай тақырыпты қаузамаймыз деген ең шешуші мәнге ие. Ең дұрысы бұрын ешкім қаузамаған тақырып екені түсінікті, бірақ Қазақстанда ондаған телеарна республика бойынша күнделікті хабар таратып отырғандықтан олардың ешбірінің көзіне түспеген мәселені табу қиын. Бірақ журналистер ізденген жағдайда оны табуға да болар еді.

Байырғы кезде журанлситер осындай ешкім білмейтін тақырыпты табу үшін қайткен деңіз. Тіпті



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Мәтін жазуға технологияның ықпалы. Қазіргі телевизияның қолданыстағы жанрлары
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

«Правда» газетінің тілшісіне дейін елеусіз түрде аудандық партия комитетінің бірінші басшысының қабылдау бөлмесіне келеді екен. Ол кезде партиялық және үкіметтік мекемелер халықтан қазіргідей оқшауланбаған. Күшті күзет жоқ. Әрине рұсат алу жүйесі қызмет істейді. Бірақ олар ішке кіруге кедергі келтірмей, бар болғаны бір жапырақ қағаз берумен шектеледі. Сонымен қабылдау бөлмесінде отырған журналист түрлі адамдардың сөзіне құлақ түреді. Бірінші басшының алдына ешкім ерікпеннен келмейді. Шеше алмай жүрген жағдайымен, өзінің басын қатырған іспен келеді. Міне, тілші сол адамдардан суыртпақтап сыр тартып, бірнеше тақырып табатын.

Қазір былай тақырып табу мүмкін емес. Әкімдер халықтан үш қабат қорғанмен бөлініп тұр. Олардың адына жету мүмкін емес. Жеткен күнде бұрынғыдай топырлаған келушіні көре алмайсыз. Демек ендігі жерде ол жерден тақырып тауып шығамын деу босқа әурешілік. Әрі оған енді ешкім жүгінбейді.

Есесіне қазір әлеуметтік желінің дамыған заманы. Талайлар жанайқайын осында таусыла жазып жатады. Соларды сараптай, саралай білген тілшіге талай тақырып табылады.

Ал тақырып табылды, ары қарай журналистік зерттеу үшін не керек? Әлбетте пікірлер керек.

Алдымен бұл проблеманың не екенін түсіндіріп беретін адам іздеуге тиіссің. Кейде ол жағдайды тәтіштеп, түсіндіріп беретін адам орыс тілді болып келуі мүмкін. Одан қашпау керек. Көтерген мәселесі туралы сөздерін орыс тілінен аударып бергеннің еш әбестігі болмайды. Көрермен үшін маңыздысы айтылатын мәселе. Оны қай тілде жеткізу соншалықты маңызды болмай қалады.

Арнайы репортаж кезінде журналистің жиі эфирге шығуы маңызды. Өйткені ол оқиғаның ортасында немесе мәселені зерттеудің үстінде жүргенін өзінің көрермендеріне көрсетіп отыруы тиіс. Осы тұста тілшінің көптеген стендаптары сәтсіз шығады. Орынның дұрыс таңдалмайтыны, камераның сәтті алмайтыны сияқты оператор мен режиссерге қатысты кемшілікті айтпағанда таза журналистің өзіне қатысты олқылықтар баршылық. Бұл камера алдында айтылатын мәтінге қатысты. Көптеген арнайы репортаж бен журналистік зерттеуде камера алдында мәнді сөз айтылмайды. Журналист тек өзінің сол жерде жүргенін көрсетумен тынады. Бұл дұрыс емес. Өйткені, камера алдында шегелеп тұрып көптің көз алдында айтылған сөздің әсері бөлек. Ол өтімді болады. Сондықтан тілшілер арнайы репортаждағы стендаптарды алдын ала дайындауы керек. Ал кезде осы стендаптары мен одан кейінгі мәтіндері қиыспай тұрады. Мұның сыры бүкіл сценарийдің алдын ала дайын болмағандығында. Тілшінің тек стендап жазып келіп басқа мәтінді одан кейін қоса салғаны жамалған киім немесе көрпе сияқты бірден байқалады.

Тікелей эфирлер кейде іргелі оқиғаларға да арналады. Үлкен бүкілхалықтық мерекелер мен Нұр-Сұлтан қаласындағы саяси оқиғалар бірден бүкіл республикаға тарайды. Бұлардың көпшілігі тележүргізушілердің комментарийімен қоса беріледі. Осындай кезде эфирдегі тілшінің сөздік қорының байлығы, оқиғаның мәні мен мағынасын жете түсінуі елеулі рөл атқарады. Кейде сөз таппаған комментаторлар тарапынан ұзақ кірідіс болып жатады. Кейде оның айтып жатқан сөзі мен сол сәттегі экрандағы көріністер мүлде бір-біріне жанаспайды. Мұны болдырмау үшін алдын-ала мықты дайындық керек.

Спорттық жарыстардың көпшілігі қазір осы форматта өтеді. Қазақстан спортшыларының қысқы және жазғы Олимпиадаларда, Әлем және Азия біріншіліктерінде сайысқа түсуі, футбол және хоккей сынды көпшілік көретін спорт түрлерінен қазақстандық «Барыс», «Астана» және «Қайрат» сынды командалардың шетелдік командаларымен жарыс өткізуі ешкімді бей-жай қалдырмайды. Мұның сыртында Қанат Ислам, Жәнібек Әлімханұлы, Геннадий Головкин сияқты боксшылардың жекпе-жегін де көрермендер сол сәтінде көруді қалайды.

Спорттық жарыстарға бірден комментарий беру жағынан қазақ тіліндегі телеарналар биікте тұр дей алмаймыз. Көпке ұнайтын Амангелді Сейітханна кейінгі толқын өзін толық таныта алмады. Өйткені бірінің сөздік қоры жеткілікті болғанмен, өтіп жатқан жарысқа қатысты деректері шамалы. Тіпті ондай деректері қолында болса да оны экрандағы көріністерге орай қиснын тауып ұсына алмайды. Ал кейде спорт салатаппай тосылады. Мұндай жағдайда комментатор мен осы спорт түрінне белгілі тұлғаның қатар отырып жарысқа түсінік беруі өзін ақтайды. Бірінде тіл қоры жеткілікті, екіншісі спорттың бұл түрінің ұңғыл-шұңғылын жақсы біледі, сөйтіп олар бір бірінің кем-кетігін толтырып тұрады.

Қалай десек те телевизияның жаңалық сипатындағы жанрларында тіл бірінші орынға шығады. Сөзі түсініксіз болса небір қызық көріністердің өзімен көрерменді алдандыра алмайсың!

Алтыншы сабақты пысықтау:

Телевизияның ақпараттық жанрларына жаңалықтар топтамасы, тікелей эфирдегі сұхбат пен журналистік зерттеу жатады.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Мәтін жазуға технологияның ықпалы. Қазіргі телевизияның қолданыстағы жанрлары

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Егер ірі көлемдегі техногендік немесе табиғи апат болып, кісі шығыны орын алса, ол туралы саяси блоктан бұрын айтылады.

Студиядағы сұхбатқа журналистің қаншалықты дайындалып шыққаны эфиржің өзінен аңғарылып тұрады.

Арнайы репортаж кезінде тілшінің кадрдағы сөзі мен кадрден тыс оқитын мәтіні бір-бірімен сабақтасып тұруы абзал.